**Хаттама №1**

**2023 жылдың 28 тамыз күні сағат 16:00 де А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде директоры жанындағы кеңес болды.**

**Қатысушылар:**
**Мырзагалиев А.О. – мектеп директоры**
**Тоқаева Ж.Т. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары**
**Сәмиева Г.Т. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**
**Елшинбекова Т.Б. -10 сынып жетекшісі**
**Сейтова А.К. -11 сынып жетекшісі**

**Күн тәртібі:**

1.Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдау

**Тыңдалды:**
1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мекетеп директоры А.О.Мырзагалиев сөз алды.
А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 39-қосымшасымен, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен) бекітілген білім алушылардың таңдау пәндерінің тереңдетілген және стандартты деңгейлерін анықтау керек.

**Сөйлеушілер:**
**1. Ж.Т.Тоқаева** - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Біздің мектебімізде жоғары сынып білім алушылары тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып химия және биология пәндерін таңдап отыр, 11 сынып физика және информатика пәндерін таңдап отыр.Ал стандартты деңгей бойынша 10 сынып «Жаһандық құзыреттілік», 11 класс та «Жаһандық құзыреттілік» пәндерін таңдап отыр. Осыған байланысты ата-аналармен сөйлескенде оқушылардың таңдау пәндеріне жоғарыда аталған пәндер оқытылса деген өтініш білдірді.
**2.Сейтова А.К.** -11 сынып жетекшісі.
11-класс оқушылары өздерінің таңдау пәндеріне сәйкес жаратылыстану пәндерінің ішінен физика және информатика пәндерін таңдап отыр. Оқушылардың ата-аналарымен кездесу болды. Барлық ата-ана балаларының болашақта таңдап отырған мамандықтарына қарай физика және информатика пәндерінің тереңдетіліп оқытылуына ұсыныс айтып, өтініш білдірді.

**Қаулы:**
1.А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің жалпы орта білім берудің оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, тереңдетілген деңгей бойынша 10 сынып химия және биология пәндері, 11 сынып физика және информатика пәндері таңдалсын. Стандартты деңгей бойынша 10 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік», 11 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» пәндері таңдалсын.

Жиналыс төрағасы: А.О.Мырзагалиев

Хатшы: Б.Алтынбаева